



**Қазақ тілінде оқылатын орта білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтарына арналған «Әлеуметтік педагогтің жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі практикалық қызметі» атты мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Жалпы орта мектептің әлеуметтік педагогтердің біліктілігін арттыру курсының «**Әлеуметтік педагогтің жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі практикалық қызметі**» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) қазақ тілінде оқытатын жалпы орта білім беру ұйымындағы әлеуметтік педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету және әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды.

## **2. Глоссарий**

**Әлеуметтік адаптация** – адамның қоғамда қалыптасқан мақсаттар мен құндылықтарды, қалыптар мен іс-қимыл стилін қабылдап, әлеуметтік ортаға (өмірлік іс-әрекеттік ортаға) белсенді бейімделуі.

**Әлеуметтік-педагогикалық құзіреттілік** - басқа адамдармен өзара әрекетте өзінің әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруда; жанұяны нығайтуда, жанұяаралық қарым-қатынаста және өз балаларын тәрбиелеуде; басқа адамдармен жұмыста кәсіби іс-әрекеттегі ақпараттылық және қабілеттілік.

**Әлеуметтік құзірет** - адамға қоғамдағы қалыптар мен өмір ережелерін дәл орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер).

**Әлеуметтік инфантилизм** – баланың әлеуметтендіру үдерісінде білінген, оның әлеуметтік және тәрбиесінде көрініс тапқан әлеуметтік даму жетімсіздігі. Баланың дамуындағы ауытқушылықтар, оның тәрбиесіндегі кемшіліктер, өзің-өзі жетілдірудегі өз белсенділігінің төмендігі себепкер болады.

**Әлеуметтік – медико – психолого – педагогикалық консилиум** - әлеуметтік бейімделген баланы жан - жақты диагностикалау қорытындыларын талқылау мақсатында әлеуметтік оңалту жолдарына байланысты жалпы айқындаманы шығару.

**Әлеуметтік-педагогикалық диагноз** - әлеуметтік дамудың индивидуалдық ерекшеліктерін, адамның қалыптасуын, оның қарым-қатынасындағы, іс-қылықтарындағы, әрекетіндегі тұлғалық сипатын анықтау.

**Әлеуметтік кеңістікте тұлғаны әлеуметтендіруді жүзеге асыру** – бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа ауысуда баланың бүкіл өмір салаларын мойындап, қазіргі мәдениеттің жоғары жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт беретін ортақ әлеуметтік кеңістік.

**Әлеуметтік қорғау** – халықтың жеке топтарының құқықтық және экономикалық мәртебесінде туындайтын әлеуметтік қайшылықтарды барынша азайтуға бағытталған қоғамның тұрақтандыру жөніндегі реттеуші жүйесі. Мемлекет өз азаматтарын қалыптағы өмірдегі қауіп-қатерге әкелетін ауру, жұмыссыздық, асыраушының өлімі, қарттық, мүгедектік сияқты жәйттерден әлеуметтік тұрғыдан қорғайды.

**Әлеуметтік қорғалу** – қоғамның әрбір мүшесіне оның маңызды әлеуметтік-экономикалық құқықтарын, оның ішінде қалыпты халықтың ұдайы өсуін қамтамасыз ету құқығын іске асыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік және заңдық кепілдіктер жиынтығы.

**Әлеуметтік қолдау** – өмірлік сұраныстарын қанағаттандыруда көмек қажет ететін қоғамдағы «әлсіз» топтардың, жеке отбасыларының, балалардың талапқа сай өмір сүруді орнату және қолдауға, олардың өмірлік өзін-өзі анықтауына көмек көрсетуге бағытталған арнайы әлеуметтік шаралар кешені.

**Әлеуметтік - психологиялық тренинг** – мүгедектердің коммуниктивтік қабілеттерін, рефлексдерін, дағдыларын өзін және айналасындағыларын сәйкес теңбе-тең қабылдай алу білігін дамыту бағытында, тұлғаны дамыту мақсатында және топтық қарым-қатынастарды жетілдіру үшін топшілік өзара әрекеттерді арнайы әдістеме арқылы ұйымдастыру.

**Кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік-реабилитациялық орталық** – қала немесе аудан аумағында қауіп-қатер тобындағы балалар мен мінезінде ауытқушылық бар және әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік бейімделгіш емес балалармен алдын ала сақтандыру және олардың құқығын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін кәдімгі амбулаториялық типтегі арнайы балалар мекемесі құрылымында стационарлық бөлім де немесе жетімханада болуы мүмкін. Әлеуметтік бейімделмеген балдарды және жасөспірімдерді қайта қалпына келтіру мақсатында орталық олармен диагностикалық, сауықтыру, түзету және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді, оларда танымдық, еңбек, ойын, денешынықтару әрекетіне тартады. Орталық өз жұмысында тәрбиеленушілердің отбастарымен, мектептермен және басқа оқу-тәрбие мекемелерімен өзара әрекет жасайды.

**Әлеуметтік ауытқулар** – ұқсас әлеуметтік жағдайларда белгілі бір бұқаралық, тұрақтылық және пара алушылықпен сипатталатын әлеуметтік

нормаларды бұзушылық. леуметтік нормадан ауытқулар нақты өмірлік жағдаятпен әлеуметтік нормалар (белгілі бір тәртіпті қолдаушылар немесе тиым салушылар) арасындағы қайшылықпен шартты байланыста, өйткені оларды жеке адам тұрғысынан басқа жолмен шешілмейтіндей болады.

**Әлеуметтік тәртіп** – әлеуметтік өмір аясындағы адамдардың бір қалыпты әрекеті немесе мінез-құлқының жалпы нобай үлгілері.Әлеуметтік тәртіп болуы әлеуметтік өмірдің және оның үнемі дамуын белгілеп отыруды қамтамасыз етеді.

**Жанұялық әлеуметтендірілмеу** – жанұяның әлеуметтендіру қызметін орындамауы, яғни оның мүшелері қоғам өмірінің жағдайларына, әлеуметтік ережелерді орындауға қоғамдық жүйеде нақты орынға иеленуге бейімделуі.

**Қосымша білім берудің әлеуметтік педагогы** – қызметтік міндеттеріне, баланы дамыту, тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу бағытындағы осы мекемелердің мүмкіндіктерін пайдалану жататын қосымша білім беру мекемесінің маманы.

**Түзету мекемесіндегі әлеуметтік педагог** – түзету мекемелерінің тәрбиеленушілерімен және олардың ата-аналарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырушы маман. Оның әрекеті тәрбиеленушілерді қайта тәрбиелеудің (түзетудің) тиімділігін қамтамасыз ететін тәрбие әрекеті жүйесінің қалыптасуына, мұғалімдердің, тәрбиешілердің және мекеме қызметкерлерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін үйлестіруге, мекемеден шыққан кейінгі уақытта тәрбиеленушілердің өзін өзі анықтау ісіне даярлауға бағытталған.

**Арнайы білім беру мекемелерінің әлеуметтік педагогы** – арнайы білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілерімен және олардың ата-аналарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ұйымдастыратын маман. Оның қызметі оқушылардың оқудан тыс әрекетін, олардың тынығуын, жеке түзетушілік дамуы мен тәрбиесіне қолдауды ұйымдастыру, ата-аналарды балалармен тәрбие жұмысына жұмылдыру, әр түрлі санаттағы мұғалімдер мен ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін үйлестіру.

**Түзету (реабилитациялық) мекеменің әлеуметтік педагогы** – мекемедегі тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыратын маман. Оның әрекеті тәрбиеленушілердің оқудан тыс әрекетін, тынығуын,ата-аналармен жеке, әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға, ата-аналарды өз балаларымен бағытты әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жасауға жұмылдыруға, мұғалімдер мен ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін үйлестіруге бағытталған.

### 3. Бағдарлама тақырыптары

<b>I – Модуль.</b> <b>«Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-</b>	1.1 Мемлекеттің әлеуметтік саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық заңнама және әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі
--	--

<p><b>педагогикалық және нормативтік аспектілері</b></p>	<p>1.2 Жалпы орта білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні</p>
<p><b>II-модуль.</b>  <b>Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру</b></p> <p>Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінде ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.</p>	<p>2.1 Жалпы орта білім беру және әлеуметтік-педагогикалық ортаны жобалау</p> <p>2.2 Әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі</p> <p>2.3 Әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістері</p> <p>2.4 Әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың сипаттамасы. Денсаулық сақтау технологиялары</p> <p>2.5 Дарынды балалармен де әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жолдары</p> <p>2.6 Әр түрлі санаттағы балалармен жұмыс жасау технологиялары: («Тәуекел тобы» балаларымен, «көше және панасыз қалған балаларымен, ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалармен, ғаламторға тәуелді балалармен, қараусыз қалған балаларымен, суицидтік мінез-құлықтағы балалармен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен)</p> <p>2.7 Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен әлеуметтік жұмыс жасау технологиялары</p> <p>2.8 Отбасымен жұмыс жасау технологиялары Отбасында баланың құқығын әлеуметтік-педагогикалық қорғау</p> <p>2.9 Отбасылық зорлық -зомбылықтың алдын алу жолдары</p> <p>2.10 Әлеуметтік-алдын алу – балалар мен жасөспірімдердің ауытқушы (девианттық) мінез-құлқы мен қылмыстық (делинквенттік) мінез-құлықты ескерту бойынша алдын алу шаралары</p> <p>2.11 Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі баланың құқығын сақтау</p>

	<p>2.12 Оңалту қызметі түзету, арнайы мекемелерден шыққан тұлғаларға, әртүрлі себептерге сәйкес (науқас, мүгедектік, нашақорлық, бас бостандығынан айрылу, күйзеліске ұшырау және т.б.) әлеуметтік дезадаптацияның әртүрлі формаларын тудыратын қоғам, отбасы, басқа да қатынастар жүйесінде әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және т.б. қиыншылықтарды басынан өткізген тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық оңалту бойынша шаралар жүйесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері</p> <p>2.13 Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту технологиялары</p> <p>2.14 Курс тыңдаушыларында қалыптасқан кәсіби күзіреттіліктерін анықтау</p>
<p><b>3-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту</b></p> <p>Әлеуметтік педагогтарға, мұғалімдерге, ата-аналарға арналған әлеуметтік-педагогикалық қолдау бағдарламалары, ақпараттық-әдістемелік материалдар</p>	<p>3.1 Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар (бейнересурс каналдары «Өрлеу» в YouTube, Bilim Land т.б.) Egov парталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс</p> <p>3.2 STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі</p> <p>3.3 Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу.</p> <p>3.4 Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, <a href="http://www.canva.com">www.canva.com</a>.</p>
<p><b>4-модуль. Вариативтік мазмұн</b></p>	<p>4.1 Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.</p> <p>4.2 Әр түрлі санаттағы топ балаларымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс (жобаны қорғау) мен тестілеуге дайындық</p>

#### 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

**Бағдарламаның мақсаты:** Әлеуметтік педагогтың жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетін дамыту, жетілдіру және жаңа кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Теориялық даярлыққа іс-әрекеттің нормативтік-құқықтық базасын (зандар, заңнамалық актілер, қаулылар, нұсқаулар) практикада қолдану;
2. Әртүрлі социумда балалардың түрлі категориясымен жұмыс бойынша әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет әдістемелері мен технологиясы;
3. Әлеуметтендіру үдерісінде әртүрлі санаттағы балалар, олардың ата-аналарына кәсіби көмек көрсету барысында туындайтын әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық проблемаларды шешу;
4. Курс барысында тыңдаушылар өзінің әлеуметтік-педагогикалық кәсіби зерттеу іс-әрекетін басқару мен жоспарлау әдістері туралы білімдер жүйесін жоспарлау, жобалау, ұйымдастыру;
5. Білім беру практикасында да, кәсіби өзін-өзі дамыту саласында да АКТ-ны пайдаланудың заманауи әдістемелерін, технологияларын, тәсілдерін меңгеру;
6. Әлеуметтік педагог жұмысын лауазымдық нұсқаулықта көзделген барлық аспектілер бойынша сапалы орындау, кәсіби рефлексияны дамыту, өзін-өзі талдау дағдыларын бекіту.

Курс соңында тыңдаушылар:

**біледі:**

– әлеуметтік педагогтің білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды;

– жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларды әлеуметтендіру барысында тиімді әлеуметтік технологияларды;

– әлеуметтендіру үдерісінде оқушыларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау бойынша шараларды жоспарлау және ұйымдастыруды;

– оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған аналитикалық, жобалау, болжау, жоспарлау, рефлексиялық, коммуникативтік әдіс-тәсілдер жүйесін;

– оқушылардың әлеуметтік ауытқу әрекетін алдын алуға, толеранттылыққа, мектеп ортасында бейбітшілік пен ұлтаралық келісім мәдениетіне, адам құқықтарын құрметтеуге бағытталған, мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен, психолог, ата-аналармен мектеп қызметкерлерімен тәрбие, насихат жұмыстарын жүргізу тәсілдерін;

**қолдана алады:**

- әртүрлі әдістерді, құралдарды және тәрбие технологияларын қолдануда, оқушылардың тиімді әлеуметтенуіне бағыт-бағдар беруді жүзеге асыру;
- оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды құрастыру;

- тәрбиелік, диагностикалық, ұйымдастыру, алдын алу, коммуникативтік дағдылары мен біліктерін жетілдіру барысында игерілген теориялық білімдерін педагогикалық тәжірибеде пайдалану;
- мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда баланың мүдделерін қорғау, қолдау, отбасы және әртүрлі санаттағы балаларды әлеуметтік-педагогикалық зерттеудің әдістемесін жасауды және қолдануды;

**меңгереді:**

- мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларды белсенді өзін-өзі басқару әдіс-тәсілдерін;
- оқушыларды түрлі іс-әрекетке баулу арқылы олардың өзіндік санасын дамыту жолдарын;
- шығармашылық ойлау және кәсіби міндеттерді шығармашылық түрде шешу қабілетін;
- қоғамдағы, мектептегі әлеуметтік-психологиялық жағдайды, олардың микроклиматын бағалау, оқушылардың әлеуметтік құндылықтарға қатынасы деңгейінің өзгеру динамикасы;
- бағалау (кәсіби сапа туралы білімдерді шығармашылық меңгереді).

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Бағдарламаның құрылымы 4 модульден тұрады:

- 1.Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері.
- 2.Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру
3. Педагогтардың IT- құзыреттіліктерін дамыту.
4. Вариативтік.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

Біліктілікті арттыру курстары:

1) күндізгі оқыту Бағдарламаның 1-қосымшасында берілген оқу-тақырыптық жоспарына (әрі қарай - ОТЖ) сәйкес берілген. Курстың ұзақтылығы 80 сағатты құрайды. Бірапталық курстарды ұйымдастыру үшін ОТЖ-да берілген сағаттар саны екі есеге қысқартылып, сабақты өткізу формалары мен тақырыптары өзгеріссіз қалдырылады.

2) осы бағдарламаға арналған курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес қашықтан оқыту және оқытудың екі кезеңін қамтиды: қашықтан (онлайн) – 30 сағат, дербес (офлайн) - 50 сағат.

Күндізгі және қашықтан оқыту режимдерде білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын тәрбиелік іс-шараларды таныстыру, қорытынды тестілеу. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жобалық жұмыстар мен шағын іс-шаралар тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

Қашықтан оқытуды арнайы платформалар арқылы өткізуге болады:

- **Zoom** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).
- **Moodle** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).

Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік сабақтар, өзіндік жұмыс, оқу-таныстыру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік жобалау, үйірме, клуб, ғылыми семинарлар, конференциялар олимпиадалар, тренинг, шебер-сынып, дөңгелек үстел, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп шешу, сонымен бірге, аралас оқыту режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары.

Кәсіби құзыреттіліктер шеңберіндегі қалыптастырушы құзыреттіліктер: оқыту мазмұнын білуі, педагогика саласында білім мен біліктілігін тиімді қолдануы; стандарттық емес жағдайда әрекет жасай алуы, оқу-танымдық мәселелерді шешу тәсілдерін меңгеруі, мақсат қоюы, жоспарлауы, талдау, рефлексия, өзіне өзі баға беруі жатады.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрамы бағдарлама мазмұнын игеру мен бағалау өлшемдерін жасайды және олар курстың ОӘК беріледі.

## 7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

### Модуль 1: «Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері»

#### Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 4 сағат (дәріс-2 сағат, практикалық сабақ -2 сағат)

#### 1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

**Мақсаты:** әлеуметтік педагогтердің Қазақстан Республикасында заманауи білім беруді дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарын түсіну, кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру және кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін меңгерту.

#### Модульдің міндеттері:

1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша мағлұмат беру;
2. Білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерге түсінікті дамыту;
3. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы қарастыру.
4. Әлеуметтік педагогтың кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілеріне мағлұмат жасау;
5. Әлеуметтік педагогтің этика кодексі мен кәсіби біліктерге негізделетін жоғары талаптарды зерделеу;



6. Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетіне қатысты нормативті құжаттарды: іс-әрекет міндеттері, қызметтері, аймағы, маманның білімі мен білігіне қойылатын жалпы талаптарды қарастыру;
7. Педагогтерді аттестаттаудан өтудің қағидаттарын меңгерту.

### **Модульдің қысқаша мазмұны**

ҚР МЖМБС-да маманның жалпы мәдени құзыреттілігінде үнемі тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту, жетілдіру қажет деп көрсетіледі. Демек, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының жаңа редакциясының негізгі ережелерін, педагог мәртебесі туралы Заңының мәнін, білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қолдану аясы мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптерін қарастыру. Заманауи білім беруді дамытудың мақсаты мен оны жүзеге асыруда атқарылатын міндеттері және білім беру деңгейлеріне қойылатын талаптарды түсіндіру. Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды.

1.2 тақырыбы. «Жалпы орта білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні»)» Әлеуметтік педагог іс-әрекетінің негізгі мазмұнын баланы әлеуметтендіруге көмектесуге және оларды аттестаттауға дайындау арқылы кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері жайында теориялық мағлұмат беріледі.

Жеке жұмыс ретінде мұғалімдерге сауалнама жүргізу, сол арқылы психологиялық ахуалын анықтау, соған сай қолдау көрсетіп, бір-бірімен тәжірибе алмасады.

#### **Күтілетін нәтиже**

Курс соңында 1- модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша нормативтік құжаттар туралы біледі;
2. Білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерді қолдана алады;
3. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы мәселелерді меңгереді.

### **Модуль 2: «Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру»**

Ұзақтығы - 64 сағат (дәріс - 2 сағат, практикалық жұмыс – 24 сағат, тренинг - 24 сағат, КТС – 8 сағат, шағын–сабақ, жоба қорғау – 4 сағат, тестілеу – 2 сағат)

#### **1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері**

**Модульдің мақсаты** — Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінде ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

**Модульдің міндеттері:**

1) Жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде әлеуметтік педагогтың, оның тұлғалық сапалары мен кәсіби құзыреттіліктерін кеңейту;

2) Әлеуметтік педагогтың кәсіби маңызды сапалары эмпатия, психологиялық сауаттылық және толеранттылық таныту негізінде, әртүрлі санаттағы оқушылармен жұмыс жасауда, белсенді әдіс-тәсілдерін меңгеру;

3) Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипатын, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру бойынша жоспарланған іс-әрекеттерді ұғыну.

**2) Модульдің қысқаша мазмұны**

Әлеуметтік педагогтың ұзақ және орта мерзімді жоспарлардың құрылымын талдау. Әлеуметтік педагогтың қызметтерін:

- аналитикалық-диагностикалық қызмет – әлеуметтік микроортаның ерекшеліктерін, ортаның тұлғаға әсер ету деңгейін, баланың, жасөспірімнің, іс-әрекет пен қарым-қатынастың әртүрлі салаларында клиенттің әлеуметтік статусын шынайы бағалайды;

- болжау қызметі – әлеуметтік және педагогикалық жағдаят талдауы негізінде тұлғаның тәрбиелеу және дамыту үдерісін, әлеуметтік тәрбиенің барлық субъектілерінің іс-әрекетін бағдарламайды, тұлғаның өзін-өзі дамытуда көмек көрсетеді, әлеуметтендіру үдерісінде тұлға дамуының жетістіктерін анықтайды;

- ұйымдастырушылық-коммуникативтік қызмет – тәрбие іс-әрекетін субъектілерінің, қоғамның, ықшамаудан тұрғындарының жас ұрпақты әлеуметтік тәрбиелеу үдерісіне, бірлескен еңбек пен демалысқа, іскерлік және тұлғалық байланыстарға қатысуына ықпал етеді, әлеуметтік-педагогикалық мекемелердің, ұйымдардың тәрбиеленушіге ықпалы (позитивті және негативті) туралы ақпараттарды таратады, тәрбиеленуші мен оның отбасына деген қатынасты реттейді;

- түзету қызметі отбасы, әлеуметтік орта тарапынан тәрбиеленушілерге ықпал ететін барлық тәрбие құралдарын түзетуді жүзеге асырады;

- үйлестіруші-ұйымдастырушылық қызмет ашық микроортада балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік-мәндік іс-әрекетін ұйымдастырады, балалардың бос уақытын ұйымдастыруға ықпал етеді;

- тәрбиеленушілерге әлеуметтік-педагогикалық қолдау мен көмек көрсету қызметі өзін-өзі дамытуда, өзін-өзі тануда, өзін-өзі бағалауда, өзін-өзі ұйымдастыруда, өзін-өзі оңалтуда білікті әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетеді;

- қорғау қызметі балалар, жасөспірімдер мен жастар бірлестігінің құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауға бағытталған құқықтық нормалар кешенін қолданады;

– психотерапевтік қызмет баланың рухани тепе-теңдігін сақтауға ықпал етеді, яғни оның сезімдерімен, уайымдарымен бөліседі; баламен, жасөспіріммен, ересекпен сенімді қатынас орнатады; баланың (ересектің) эмоциясы мен өзіндік санасына вербалды және вербалды емес ықпал көрсетеді; тұлғааралық кикілжіңдерді шешуде көмек көрсетеді; адамның өмірге, әлеуметтік ортасына, өзіне деген қатынасын өзгертуге әсер етеді;

– әлеуметтік-алдын алу қызметі – балалар мен жасөспірімдердің ауытқушы (девианттық) мінез-құлқы мен қылмыстық (делинквенттік) мінез-құлықты ескерту бойынша алдын алу шаралар жүйесін ұйымдастырады;

– оңалту қызметі түзету, арнайы мекемелерден шыққан тұлғаларға (ең алдымен, жасөспірімдерге), сондай-ақ әртүрлі себептерге сәйкес (науқас, мүгедектік, нашақорлық, бас бостандығынан айрылу, күйзеліске ұшырау және т.б.) әлеуметтік дезадаптацияның әртүрлі формаларын тудыратын қоғам, отбасы, басқа да қатынастар жүйесінде әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және т.б. қиыншылықтарды басынан өткізген тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық оңалту бойынша шаралар жүйесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін игереді.

### **Күтілетін нәтижелер:**

#### **1) біледі:**

- әртүрлі социумда балалардың түрлі категориясымен жұмыс бойынша әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет әдістемелері мен технологиясы;
- бала тұлғасын зерттейтін жас ерекшелік психологиясы адамдардың белгілі бір топқа бірігуін зерттейтін әлеуметтану (отбасы, кіші топ, мектеп ұжымы, құрдастар ұжымы және т.б.);
- кәсіби әлеуметтік-педагогикалық әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті сапа, білім және жалпы педагогикалық біліктердің қалыптасуын бағалау;
- кәсіби өзін-өзі жетілдіруге мақсаттар қою, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту жоспарын жүзеге асыру бойынша әрекеттер жасау.

#### **2) қолданады:**

– әртүрлі әдістерді, құралдарды және оқыту технологияларын қолдана отырып, оларды пайдаланудың орындылығын анықтай отырып, оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқаруды жүзеге асыру;

– оқушылардың негізгі құндылықтарға бағытталған әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды құрастыру;

– оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған тәсілдерді қолдану;

– өз мүмкіндіктерінің сәйкестілігі, жоспарды жүзеге асыру бойынша шарттарды анықтау, іс-әрекет стратегиясын таңдау, өзін-өзі жетілдіру бойынша іс-әрекет құралын таңдау.

#### **3) меңгереді:**

- кәсіби зерттеу іс-әрекетін басқару мен жоспарлау әдістері туралы білімдер жүйесін меңгеруі жатады.

### **Модуль 3: «Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту»**

#### **Модульдің құрылымы**

ұзақтығы – 8 сағат (практикалық жұмыс – 4 сағат, тренинг – 4 сағат)

#### **1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері**

**Модульдің мақсаты:** Жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде әлеуметтік педагогтердің ІТ - құзыреттіліктерін және цифрлық сауаттылығын дамыту. Тыңдаушылардың кәсіби бағдарланған білімдерді саналы-эмоционалды игеруге, қазіргі заманауи білім парталымен жұмыс жасау барысында білімдерін толықтыруға ықпал етеді.

#### **Модульдің міндеттері:**

1. Білім беру үрдісінде АКТ-ны қолдана отырып оқушылардың белсенділігін арттыру жолдарын қарастыру;
2. Мектепішілік жұмыстарда сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды игеру;
3. Kundelik.kz автоматтандырылған жүйесі, электронды үкімет порталы, онлайн қызметтерді рәсімдеу алгоритмдерін қарастыру.
4. Кәсіби желілік қауымдастықты құрудағы негізгі принциптерімен танысу және білім сапасын арттыруда мектепаралық, ауданаралық, облысаралық әлеуметтік педагогтардың кәсіби желілік қауымдастығын құру;
5. Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу. Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, [www.canva.com](http://www.canva.com).

#### **Модульдің қысқаша мазмұны**

Әлеуметтік педагогтардың ІТ-құзыреттілігін дамыту. Модуль білім беру процесінде ІТ-технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

Модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Білім беру үрдісінде АКТ-ны қолдана отырып оқушылардың белсенділігін арттыру жолдарын біледі.
2. Мектепішілік жұмыстарда сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды игерді.
3. Kundelik.kz автоматтандырылған жүйесі, Электронды үкімет порталы нда ЭЦҚ арқылы жұмыс жасау алгоритмдерін түсінеді.
4. Кәсіби желілік қауымдастықты құрудағы негізгі принциптерін түсінеді және білім сапасын арттыруда мектепаралық, ауданаралық, облысаралық әлеуметтік педагогтардың кәсіби желілік қауымдастығын құра алады.

5. Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу, Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгереді. [www.canva.com](http://www.canva.com).

## **Модуль 4: «Вариативтік»**

### **Модульдің құрылымы**

Ұзақтығы – 4 сағат (таңдау бойынша сабақ – 4 сағат)

#### **1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері**

**Модульдің мақсаты:** Бағдарлама мазмұны бойынша курс барысында тыңдаушыларға қиындық туғызған мәселелерді анықтау, қолдау көрсету.

#### **Модульдің міндеттері:**

1. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.

2. Әлеуметтік педагогтардың кәсіби дамуына бағыт-бағдар беру.

#### **2) Модульдің қысқаша мазмұны**

Модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері саласындағы мәселелерді қозғайды. Бағдарлама мазмұнын саралау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкес және олардың жеке сұраныстарын ескере отырып жүргізіледі. Модуль жобаны тестілеу мен қорғауға даярлықты қамтиды.

#### **3) Күтілетін нәтижелер:**

Бағдарлама аясында қиындық тудыратын сұрақтарды анықтайды, талқылайды. Пән мән мәтіні бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді.

## Оқу-тақырыптық жоспары

### Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Дәріс	Таңлау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	КТС	Шағын—сабақ презентация	Тестілеу	Барлығы
<b>1</b>	<b>I – Модуль. «Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері»</b>	<b>2</b>		<b>2</b>					<b>4</b>
1.1	Мемлекеттің әлеуметтік саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық заңнама және әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі	2							2
1.2	Жалпы орта білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні			2					2
<b>2</b>	<b>II-модуль. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру</b> Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінде ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.	<b>2</b>		<b>24</b>	<b>24</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>64</b>
2.1	Жалпы орта білім беру және әлеуметтік-педагогикалық ортаны жобалау	1		1					2
2.2	Әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі			1					1
2.3	Әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістері			1	1				2
2.4	Әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың сипаттамасы. Денсаулық сақтау технологиялары	1		1	1				3

2.5	Дарынды балалармен де әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жолдары			2			2	
2.6	Әр түрлі санаттағы балалармен жұмыс жасау технологиялары: («Тәуекел тобы» балаларымен, «көше және панасыз қалған балаларымен, ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалармен, ғаламторға тәуелді балалармен, қараусыз қалған балаларымен, суицидтік мінез-құлықтағы балалармен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен)		6	6	2		14	
2.7	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен әлеуметтік жұмыс жасау технологиялары		2	1			3	
2.8	Отбасымен жұмыс жасау технологиялары Отбасында баланың құқығын әлеуметтік-педагогикалық қорғау		4	4	2		10	
2.9	Отбасылық зорлық -зомбылықтың алдын алу жолдары		2	2	1		5	
2.10	Әлеуметтік-алдын алу – балалар мен жасөспірімдердің ауытқушы (девианттық) мінез-құлқы мен қылмыстық (делинквенттік) мінез-құлықты ескерту бойынша алдын алу шаралары		2	2			4	
2.11	Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі баланың құқығын сақтау			1			1	
2.12	Оңалту қызметі түзету, арнайы мекемелерден шыққан тұлғаларға, әртүрлі себептерге сәйкес (науқас, мүгедектік, нашақорлық, бас бостандығынан айрылу, күйзеліске ұшырау және т.б.) әлеуметтік дезадаптацияның әртүрлі формаларын тудыратын қоғам, отбасы, басқа да қатынастар жүйесінде әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және т.б. қиыншылықтарды басынан өткізген тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық оңалту бойынша шаралар жүйесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері		2	2	1		5	
2.13	Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту технологиялары		2	2	2		6	
2.14	Курс тыңдаушыларында қалыптасқан кәсіби күзиреттіліктерін анықтау					4	2	6

<b>3</b>	<b>3-модуль. Педагогтердің ІТ-кұзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту</b>			<b>4</b>	<b>4</b>					<b>8</b>	
	Әлеуметтік педагогтарға, мұғалімдерге, ата-аналарға арналған әлеуметтік-педагогикалық қолдау бағдарламалары, ақпараттық-әдістемелік материалдар										
3.1	Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар (бейне-ресур каналдары «Өрлеу» в YouTube, Bilim Land т.б.) Egov парталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс			1	1					2	
3.2	STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі			1	1					2	
3.3	Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу.			1	1					2	
3.4	Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, <a href="http://www.canva.com">www.canva.com</a> .			1	1					2	
<b>4</b>	<b>Модуль 4. Вариативтік</b>			<b>4</b>						<b>4</b>	
4.1	Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау			2						2	
4.2	Шағын жобаның презентациясы (жобаны қорғау) мен тестілеуге дайындық			2						2	
<b>Барлығы:</b>				<b>4</b>	<b>4</b>	<b>30</b>	<b>28</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>80</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут



## Қашықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Қашықтан оқыту 30 сағат					Өзіндік оқу 50с .	Барлығы	
		Дәріс	Тренинг	Онлайн-кеңес	Вебинар	Онлайн-форум	Бағалау		Тыңдаушылар дың өзіндік жұмысы
<b>1</b>	<b>I – Модуль. «Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері</b>				<b>4</b>			<b>4</b>	
1.1	Мемлекеттің әлеуметтік саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық заңнама және әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі				2			2	
1.2	Жалпы орта білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні				2			2	
<b>2</b>	<b>II-модуль. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік- педагогикалық іс-әрекетінде ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.</b>	<b>2</b>		<b>16</b>	<b>2</b>			<b>46</b>	<b>66</b>
2.1	Жалпы орта білім беру және әлеуметтік-педагогикалық ортаны жобалау	2					2	4	
2.2	Әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі			1			2	3	
2.3	Әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістері				2		2	4	
2.4	Әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың сипаттамасы. Денсаулық сақтау технологиялары			1			3	4	
2.5	Дарынды балалармен де әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жолдары			1			2	3	
2.6	Әр түрлі санаттағы балалармен жұмыс жасау технологиялары: («Тәуекел тобы»			2			11	13	

	балаларымен, «көше және панасыз қалған балаларымен, ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалармен, ғаламторға тәуелді балалармен, караусыз қалған балаларымен, суицидтік мінез-құлықтағы балалармен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен)								
2.7	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен әлеуметтік жұмыс жасау технологиялары			1				2	3
2.8	Отбасымен жұмыс жасау технологиялары Отбасында баланың құқығын әлеуметтік-педагогикалық қорғау			2				4	6
2.9	Отбасылық зорлық -зомбылықтың алдын алу жолдары			1				2	3
2.10	Әлеуметтік-алдын алу – балалар мен жасөспірімдердің ауытқушы (девианттық) мінез-құлқы мен қылмыстық (делинквенттік) мінез-құлықты ескерту бойынша алдын алу шаралары			2				4	6
2.11	Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі баланың құқығын сақтау			2				2	4
2.12	Оңалту қызметі түзету, арнайы мекемелерден шыққан тұлғаларға, әртүрлі себептерге сәйкес (науқас, мүгедектік, нашарлық, бас бостандығынан айрылу, күйзеліске ұшырау және т.б.) әлеуметтік дезадаптацияның әртүрлі формаларын тудыратын қоғам, отбасы, басқа да қатынастар жүйесінде әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және т.б. қиыншылықтарды басынан өткізген тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық оңалту бойынша шаралар жүйесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері			2				5	7
2.13	Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту технологиялары			1				5	6
2.14	Курс тыңдаушыларында қалыптасқан кәсіби құзіреттіліктерін анықтау								
<b>3</b>	<b>3-модуль. Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту</b> Әлеуметтік педагогтарға, мұғалімдерге,					<b>2</b>		<b>4</b>	<b>6</b>

	ата-аналарға арналған әлеуметтік-педагогикалық қолдау бағдарламалары, ақпараттық-әдістемелік материалдар							
3.1	Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар (бейне-ресур каналдары «Өрлеу» в YouTube, Bilim Land т.б.) Egov парталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс			1				1
3.2	STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі						1	1
3.3	Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу.			1			2	3
3.4	Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, <a href="http://www.canva.com">www.canva.com</a> .						1	1
<b>4</b>	<b>Модуль 4. Вариативтік</b>			<b>4</b>				<b>4</b>
4.1	Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау биология			2				2
4.2	Шағын жобаның презентациясы (жобаны қорғау) мен тестілеуге дайындық			2				2
<b>Барлығы:</b>		<b>2</b>	<b>20</b>	<b>8</b>			<b>50</b>	<b>80</b>

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Садвакасова З.М., Асаубаева А.К. Социально-педагогические технологии в организациях образования – Учебно-методическое пособие. – Алматы, 2013. –328с.
2. Садвакасова З.М. Технологии в работе с детьми девиантного поведения. Арт-педагогический аспект: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 273 с.
3. Сарыбаева И.С. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары. Оқу құралы. Алматы; Қазақ университеті, 2018. -204б.

4. Жаназарова З.Ж. Введение в социальную работу. КазНУ имени Ал-Фараби. Алматы: Қазақ университеті. 2015. 161б.
5. Психолого-педагогические основы диагностики и предупреждения суицидального поведения школьников. Учебное пособие. КазНУ имени аль-Фараби. -Алматы; Қазақ университеті, 2012. -284с.
6. Мустаева Ф.А. Основы социальной педагогики: учебник для студентов высших педагогических учебных заведений – 2-е изд. - М., 2001. – 416 с.
7. Садвакасова З.М. В помощь педагогу-психологу в работе с детьми детского дома. – Учебно-методическое пособие. - Алматы, 2011.–270 с.
8. Бекмагамбетова Р.К., Нургалиева Д.А., Садвакасова З.М., Интеграция общечеловеческих ценностей в содержании социально-педагогической деятельности. Учебно-методическое пособие. –Алматы, 2021. -133с.
9. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Психология сиротства. – СПб.:Питер, 2007. – 416 с.
- 10.Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 257 с.
- 11.Кочин А.А., Харламов В.С. Детерминация криминального насилия в семье: Пособие. – М.: ВНИИ МВД России, 2004. – 52 с.
- 12.Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы
- 13.Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсан № 293 -VІ ҚРЗ)
- 14.Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсан № 294 -VІ ҚРЗ) [https://www.inform.kz/kz/pedagog-martebesi-turaly-zannyn-matini-zharyk-kordi\\_a3600065](https://www.inform.kz/kz/pedagog-martebesi-turaly-zannyn-matini-zharyk-kordi_a3600065)
- 15.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- 16.Кодекс Республики Казахстан. О браке (супружестве) и семье (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2021 г.)
- 17.Об утверждении типовых правил деятельности видов организаций образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 18 июня 2013 года № 229. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 2 июля 2013 года № 8544.
- 18.Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года № 345-ІІІ О правах ребенка в Республике Казахстан(с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.06.2021 г.)
- 19.Об утверждении Положения о приемной семье.Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 7 октября 2016 года №

597. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 15 ноября 2016 года № 14425.
20. Об утверждении регламентов государственных услуг, оказываемых органом, осуществляющим функции по опеке или попечительству. Постановление акимата города Астаны от 9 сентября 2015 года № 107-1565. Зарегистрировано Департаментом юстиции города Астаны 15 октября 2015 года № 952.
21. Об утверждении Положения о патронатном воспитании. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 января 2015 №14. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан. 18.02.2015. № 10285.
22. Об утверждении Правил назначения и выплаты государственных пособий семьям, имеющим детей. Приказ Министра здравоохранения и социального развития РК от 5 мая 2015 года №319. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан. 30.06.2015. № 11507.
23. Об утверждении Правил организации учета детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, и доступа к информации о них. Приказ Министра здравоохранения и социального развития РК от 16 января 2015 года №16. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан. 18.02.2015. № 10280.
24. <http://egov.kz> – Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі.
25. <http://www.pki.gov.kz> - Ұлттық куәландырушы орталығы
26. <https://kundelik.kz/> - автоматтандырылған жүйесі.
27. <http://bilimland.kz> Мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға арналған көптілді білім беру порталы
28. <https://kk.wikipedia.org/> - ашық энциклопедиясы

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

### **Жоба таныстырылымының құрылымы, бағалау критерийлері мен параметрлері**

#### **Жоба қорғау**

##### **Жобаның құрылымы (топтық жұмыс)**

Жобалық жұмысты 4-5 мұғалім құрайды. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- 1) Титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т. А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).
- 2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).
- 3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, міндеттерін іске асыру жолдары, мәселені тұжырымдау, өзіндік ұсыныстар, пайдаланған әдебиеттері тізімі).
- 4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе дәйекті түрде ашылады, көз материалдарында оны шешу жолдары қадағаланады, дәлелді позиция

көрсетіледі, оған әртүрлі көзқарастар сипатталады және автордың оларға қатынасы көрсетіледі).

5) Қорытынды (жобаның ұсынылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің басты қорытындылары шығарылады, қорытылған қорытындылар жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) Слайд түріндегі таныстырылым ([www.canva.com](http://www.canva.com), power point + class point. Wordwall.

### Жобаны бағалау тәртібі:

1. Теориялық және практикалық білім көлемі;
2. Тақырыптың жаңалығы мен өзектілігі
3. Креативтілік;
4. Нақты мәселелерді шешу үшін білімді қолдана білу;
5. Өз мәтіні мен презентациясын қисынды, тақырыпқа барабар жасай білу;
6. Кәсіби құзіреттіліктер.

### Жобаны бағалау критерийлері

	Критерийлері	Балл	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі		
2	Қойылған проблемалардың, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жоба мазмұнын құрылымдау: жүйелілік пен дәйектілік		
4	Мазмұнның жоба тақырыбына сәйкестігі: - мәселенің ашылу дәрежесі; - жоспарға сәйкестігі.		
5	Жұмыстың перспективалары: -жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы; - жұмысты жалғастыру мүмкіндігі.		
6	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану		
7	Әр мүшенің белсенділігі		
8	Маманның кәсіби шеберлігі		
9	Сұрақтарға жауаптар		
10	Шығармашылық тәсіл		
	Балпы ұпай саны		

Жобалау жұмыстарының таныстырылымдарын бағалау үшін келесі өлшемдер бөлінеді:

«5» (өте жақсы) рейтингі 17-20 балл аралығында белгіленді.

«4» (жақсы) рейтингі 14-16 баллға сәйкес келеді.

«3» рейтингі (отыр.) Жалпы 10-13 баллға сәйкес келеді.

Жоба үшін максималды балл саны - 20 балл.

### Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағаттар саны	Сұрақтар саны
1	Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	4	2
2	Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру	64	24
3	Педагогтардың IT-құзыреттіліктерін дамыту	8	4
4	Вариативтік	4	-
	<b>Жиыны</b>		<b>30</b>

### Бағалауда баллдарды ауыстыру шкалалары

Бағалау	Орындау %-дегі ауқым	Баллдар
5	90 – 100 %	27-30
4	75 – 89 %	23-26
3	50 -74 %	15-22
2	50 % жуық	20 баллдан кем

### Аралық және қорытынды тест тапсырмалары

#### Сұрақ №1

	Жалпы білім беретін мектептегі әлеуметтік педагог қызметінің негізгі бағыттары:
0	Аналитикалық-диагностикалық, болжамдық, ұйымдастырушылық-коммуникативті
0	Баланың жеке басын оңтайлы дамыту үшін педагогикалық бағдарланған орта құруға жәрдемдесу, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік құнды қызметін қолдау (волонтерлік, жобалық қызмет түрінде мүмкін)
0	Қолайсыз отбасыларды ерте анықтау; толық емес және психофизикалық даму ерекшеліктері бар балалары бар отбасылар (қорғаншы, қабылдаушы балалары бар және т. б.) бойынша деректер банкіні құру
1	Әлеуметтік-педагогикалық консультация беру, әлеуметтік-педагогикалық профилактика, түзету және оңалту балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік құнды іс-әрекеттерін қолдау, ұйымдастыру-әдістемелік қызмет, баланың құқықтарын

	әлеуметтік-педагогикалық қорғау, оқушының жеке басын қалыптастыруда отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету
0	Оқушыларға түзету, әлеуметтік-профилактикалық және оңалту, үйлестіру-ұйымдастыру, әлеуметтік-педагогикалық қолдау және көмек көрсету

#### Сұрақ №2

	Әлеуметтік педагог қызметінің басты нысаны
0	Өз мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну
0	Отбасы мен қоғам арасындағы байланыстырушы
1	Баланы әлеуметтендіру, оны қоғамға, әлеуметтік қатынастарға кіріктіру
0	Аксиологиялық идеялар мен құндылықтық идеалдардың болуы
0	Қоғамның этикалық және құқықтық талаптарына сәйкес келуі

#### Сұрақ №3

	Әлеуметтік орта - бұл
0	Мұғалімнің кәсіби ортаға ену, олардың педагогикалық тәжірибені игеру, стандарттарды меңгеру, жинақталған тәжірибені белсенді жүзеге асыру барысы
0	Кез келген тұлғаның немесе оқиғаның іс-әрекетінің бағасын анықтау
1	Адам әрекетінің әлеуметтік ортаға қарсы тұрушы ретіндегі күрделі және бір мәнді емес тұлға дамуының жағдайының және адамдардың өзінің өзгертін әрекеті мен қылықтарының жүйесі
0	Адамдардың әлеуметтік тәжірибені игеруі және белсенді қайта жаңғыртуы, теориялық және тәжірибелік іс-әрекеттің дағдыларын меңгеру, шын бар қатынастарды тұлғаның сапалық қасиеттеріне айналдыру
0	Теориялық және тәжірибелік іс-әрекеттің дағдыларын меңгеру, іс-әрекетінің бағасын анықтау

#### Сұрақ №4

	<u>Әлеуметтік педагогтың функциялары болып табылады</u>
0	<u>Әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру, бала құқықтарын әлеуметтік-педагогикалық қорғау</u>
0	Оқушы тұлғасын қалыптастыруда отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету, барлық жастағы балалардың әлеуметтік және жеке мәселелерін анықтау мақсатында әлеуметтік-педагогикалық зерттеулер
1	Аналитикалық-диагностикалық, болжамдық, ұйымдастыру-коммуникативтік, түзетушілік, әлеуметтік-профилактикалық және оңалту, үйлестіру және ұйымдастырушылық, оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау және көмек көрсету
0	Баланың жеке тұлғасын оңтайлы дамыту үшін педагогикалық бағдарланған ортаны құруға жәрдемдесу, Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік-құнды іс-әрекеттерін қолдау (волонтерлік, жобалық қызмет түрінде мүмкін)
0	Ұйымдастыру-әдістемелік қызмет, Әлеуметтік-педагогикалық профилактика, түзету және оңалту

#### Сұрақ №5

	Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың жағдайы – бұл
0	БҰҰ Балалар құқықтары туралы конвенциясының 20-бабына сәйкес, ата-анасының қайтыс болуына, ата-анасының олардан бас тартуына, қоныс аударуына немесе



	өздерінің қалауы бойынша отбасыларында қала алмауына байланысты отбасылық қамқорлықтан уақытша не тұрақты айырылған балалар
1	Заңнамада бала өз бетінше еңсере алмайтын, адамның тіршілік қызметін бұзатын жайт деп танылған жағдайға тап болған балалар
0	Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларда өмір сүретін балалар
0	Тіршілік қызметінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне алып келетін аурулармен, жарақаттармен, олардың салдарларымен, кемістіктермен байланысты денсаулығында организм функцияларының тұрақты бұзылыстары бар он сегіз жасқа толмаған тұлға
0	Кәмелетке толмаған балалар

#### Сұрақ №6

	Кәмелетке толмаған бала (жас бала) – бұл
0	Ата-анасының қайтыс болуына, ата-анасының олардан бас тартуына, қоныс аударуына немесе өздерінің қалауы бойынша отбасыларында қала алмауына байланысты отбасылық қамқорлықтан уақытша не тұрақты айырылған балалар
1	Ұлттық заңдарға сәйкес кәмелет жасқа толу барынша ерте жаста көзделетін жағдайларды қоспағанда», (БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенциясы, 1-б.), 18 жасқа келген балалар
0	Заңнамада бала өз бетінше еңсере алмайтын, адамның тіршілік қызметін бұзатын жайт деп танылған жағдайға тап болған балалар
0	Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларда өмір сүретін балалар
0	Тіршілік қызметінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне алып келетін аурулармен, жарақаттармен, олардың салдарларымен, кемістіктермен байланысты денсаулығында организм функцияларының тұрақты бұзылыстары бар он сегіз жасқа толмаған тұлға

#### Сұрақ №7

	Әлеуметтік педагогтың балалардың, топтың күшін әлеуметтік-педагогикалық мақсаттарға жету үшін белгілі бір әрекеттер мен қимылдарға белсенді жұмылдыруға бағытталған мақсатты қызмет:
1	Жұмылдырушы
0	Диагностикалық
0	Қайта құрушы
0	Басқарушы

0	Түсіндіруші
---	-------------

Сұрақ №8

	Әлеуметтік педагог іс-әрекетінің негізгі қызметтері:
1	Аналитикалық-диагностикалық, болжау, ұйымдастырушылық-коммуникативтік, түзету, үйлестіруші-ұйымдастырушылық, әлеуметтік-педагогикалық қолдау, қорғау, психотерапевтік, әлеуметтік-алдын алу, оңалту
0	Тұлғаның тәрбиелеу және дамыту үдерісін, әлеуметтік тәрбиенің барлық субъектілерінің іс-әрекетін бағдарламайды, тұлғаның өзін-өзі дамытуда көмек көрсетеді, әлеуметтендіру үдерісінде тұлға дамуының жетістіктерін анықтау
0	Әлеуметтік орта тарапынан тәрбиеленушілерге ықпал ететін барлық тәрбие құралдарын түзетуді жүзеге асыру
0	Әлеуметтік-педагогикалық қолдау мен көмек көрсету қызметі өзін-өзі дамытуда, өзін-өзі тануда, өзін-өзі бағалауда, өзін-өзі ұйымдастыруда, өзін-өзі оңалтуда білікті әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету
0	Әлеуметтік дезадаптацияның әртүрлі формаларын тудыратын қоғам, отбасы, басқа да қатынастар жүйесінде әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және т.б. қиыншылықтарды басынан өткізген тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық оңалту шараларын ұйымдастыру

Сұрақ №9

	Әлеуметтік педагог іс-әрекетінің мақсаты –
0	Тұлғаны отбасымен, қоғаммен, әртүрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен қарым-қатынасы арасындағы делдалдықты қамтамасыз ету
0	Баланы қоғамға бейімдеу, оны дамыту, тәрбиелеу, білім беру, кәсіби қалыптасуына көмектесу
1	Баланың психологиялық жай-күйі мен қауіпсіздігі үшін жағдай жасау, отбасыда, мектепте, жақын қоршаған ортада және басқа социумдардағы негативті құбылыстарды болдырмау мен алдын алудың әлеуметтік, құқықтық, психологиялық, медициналық, педагогикалық механизмдерінің көмегімен оның қажеттіліктерін қанағаттандыру
0	Тұлға мен микроорта, балалар мен ересектер, отбасы мен қоғам арасындағы байланыстырушы буын ретінде рөлді атқара алу
0	Клиенттің белсенді субъективті көзқарасын, ынтасын білдіруге ықпал ететін формальды емес көшбасшының, көмекшінің, кеңесшінің рөлінде қала отырып, формальды емес қарым қатынаста жұмыс жасай алу

Сұрақ №10

	Әлеуметтік тәрбие мазмұнында ресми нормативтік тәрбие қарастырылады:
--	--

0	Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі және қайта тәрбиеленуі
1	Мемлекеттің заңдылығын, нормаларын, құқықтары мен дәстүрлерін басшылыққа алу арқылы
0	Бұл педагогиканың статустары мен ұйымдары
0	Тәрбиенің жеке қалыптасуына жауап беретін әлеуметтік институттар арқылы
0	Бұл халықтың әсіресе жас буынның бойына сіңірген жаңа сипатқа ие болуы

#### Сұрақ №11

	Бала құқықтарын қолдау барысындағы халықаралық құжаттар
1	«Балаларды қорғаудың халықаралық одағы» үкіметтік емес ұйымының кеңесі бала құқықтары туралы бірінші декларацияны 1923ж, БҰҰ Бас Ассамблеясы Декларация 1948ж, Бала құқықтары туралы Конвенцияның дайындалуына негіз болған жаңа Декларация 1959 ж
0	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2012 ж., ҚР «Неке және Отбасы» Заңы 1998ж
0	ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті 2006ж
0	ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын ала ескерту туралы» Заңы 2005ж
0	ҚР «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Заңы

#### Сұрақ №12

	Әлеуметтік ауытқулар:
0	Бұл адам іс-қимылының қоғамда қалыптасқан қалыпқа сәйкес келгенімен де, қоғамдық тәртіпті бұзбайды
0	Қоғамда қалыптасқан адамгершілік мақсаттар мен құралдарға жағымды қатынас орнату
0	Бұл адамның әлеуметтік және мәдени қалыптарға, әсіресе заңға қайшы іс-қимылы
1	Бұл адамның әлеуметтік дамуының қоғамда қалыптасқан құндылықтар мен қалыптарға сәйкес келмеуі
0	Адамның сыртқы келбетінің тәртіп бұзушылыққа бейімділігі

#### Сұрақ №13

	Әлеуметтік педагогтың қызметінің бағыттары:
0	Балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптайды және өңдейді
0	Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады

1	Баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылуы себептерін анықтап, алдын ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету
0	Баланың құқығын қорғау, баланың дамуына жағдай жасау, жанұямен мектептің арасындағы байланыс пен әріптестік қатынастың жүргізіп отыру
0	Мемлекеттік басқарушы органдармен, қоғамдық ұжымдармен, 16 жасқа дейінгі, яғни оқушыларға қызығушылық білдіретін ұйымдармен байланыс құрады

#### Сұрақ №14

	Әлеуметтік педагогтің өз қызметін жүргізудегі басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық құжаттары
0	ҚР Жоғарғы соты Пленумының 2000 ж. 22 желтоқсандағы № 17 «Балаларды асырап алу туралы істі қарастыру кезінде неке және отбасы туралы заңнаманы соттармен қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қаулысы
0	«ҚР балаларға амбулаторлық-емханалық көмек көрсетуді әрі қарай жетілдіру туралы» Бұйрық
0	«Патронаттық тәрбие туралы ереже»
0	Еңбек туралы кодекс
1	Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, ҚР баланың құқықтары туралы заңы, ҚР «Білім туралы» Заңы

#### Сұрақ №15

	Әлеуметтік педагогтың әртүрлі санаттағы балалармен жұмысы
1	Ерекше қажеттіліктері бар балалар, қорғаншылықтағы балалар мен жетім балалар аз қамтылған және көп балалы отбасылар
0	Қарттармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысы
0	Әлеуметтік -қызмет салалары
0	Толық қамтылған отбасының балалары
0	Түрлі типтегі отбасындағы тәрбиеленушілер

#### Сұрақ №16

V3	Әлеуметтік педагогтың этикалық және кәсіби кодексі болжайды
1	Клиентті әрекетке, бастамаға, шығармашылыққа шабыттандыру және ынталандыру, клиентті тыңдай білу, ұстамдылық көрсету
0	Тапсырыс берушіні айыптау, сөгуынт беру, ымақтастыстық органы құру
0	Мамандық өкілі ретінде мінез-құлықтың жоғары моральдық стандарттарын ұстанбау
0	Әрқашан өз мүдделеріңіз үшін әрекет етіңіз
0	Кәсіби құпияларды сақтау

#### Сұрақ №17

V2	Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмысының міндеттері
1	Әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық проблемаларды диагностикалау және анықтау

0	Отбасы мен бала үшін дағдарыстық жағдайларда делдалдықты жүзеге асыру
0	Салауатты өмір салты жайлы ағарту жұмыстарын ұйымдастыру
0	Отбасылық жағдайды талдау нәтижесінде отбасылық қатынастардың өзгеруге баулу
0	Жаңа оң стратегия мен тактиканы қалыптастыру

#### Сұрақ №18

	Көпбалалы отбасы - бұл
1	Құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасы
0	4-тен кем емес және 10-нан артық емес жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдаған отбасы
0	Бала асырып алушы отбасы
0	Патронатты отбасы
0	Отбасын алмастырушы отбасы

#### Сұрақ №19

	Ерекше осал отбасы – бұл
0	Қарым-қатынастары келісушілікпен, өзара түсіністікпен, тұрақтылықпен сипатталатын отбасы
0	Заңға қайшы бірлескен әрекетке туысқандарды тартумен қылмысты топ болып жасалатын және олардың қылмыстық мінез-құлқын мақсатты түрде тудыратын отбасы
1	Кәмелетке толмағандардың ата-анасы не заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, асырау бойынша өздерінің міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы
0	Отбасыдан тыс жерлерде қылмыстардың белгілі бір түрінің жасалуына мүмкіндік туғыза алады
0	Күтпеген жағдайлардың пайда болуы салдарынан (өз күшімен еңсерілмейтін) мемлекет тарапынан жедел әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы.

#### Сұрақ №20

	Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың жағдайы – бұл
0	БҰҰ Балалар құқықтары туралы конвенциясының 20-бабына сәйкес, ата-анасының қайтыс болуына, ата-анасының олардан бас тартуына, қоныс аударуына немесе өздерінің қалауы бойынша отбасыларында қала алмауына байланысты отбасылық қамқорлықтан уақытша не тұрақты айырылған балалар

1	Заңнамада бала өз бетінше еңсере алмайтын, адамның тіршілік қызметін бұзатын жайт деп танылған жағдайға тап болған балалар
0	Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларда өмір сүретін балалар
0	Тіршілік қызметінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне алып келетін аурулармен, жарақаттармен, олардың салдарларымен, кемістіктермен байланысты денсаулығында организм функцияларының тұрақты бұзылыстары бар он сегіз жасқа толмаған тұлға
0	Кәмелетке толмаған балалар

#### Сұрақ №21

	Әлеуметтік-педагогикалық технологияларының классификациясына кіреді
1	Әлеуметтік-мәдени оңалту технологиялары, әлеуметтік-педагогикалық, терапиялық
0	Білім беру технологиялары
0	Педагогикалық технологиялары
0	Валеологиялық ұйымдастырушылық технологиялары
0	Арт-терапиялық технологиялар

#### Сұрақ №22

V	Әлеуметтік педагогтың тәрбиеленушілермен әлеуметтік жұмысы
0	Іс-әрекеттерге (оқуларға) жағымсыз көзқарастар, санитарлық-гигиеналық жағдайдың нашарлығына тарапынан назар аудармау
1	Адалдық (әділеттілік), оқушыларға сезімталдық пен ұқыптылық олардың материалдық және моральдық мүдделеріне, қажеттіліктеріне қамқорлық жасау
0	Белгілі бір әрекеттердің негізінде жатқан өз қажеттіліктері мен эмоцияларын білдіру
0	Кез келген адамның өз даралығын еркін білдіру құқығын мойындау
0	Өміріңізді бақылауға алудың стратегиялық жолы, өзін-өзі дамыту

#### Сұрақ №23

	Тәрбиеленушілердің «Мен» тұжырымдамасын дамыту әдістері
0	Қорғау және тәртіп
0	Жетістік және мәртебе
1	Өзін-өзі сыйлау және өзін-өзі бағалау
0	Баспана және жылу
0	Отбасы және ұжым

#### Сұрақ №24

	Өзін – өзі тану көзқарасынан педагогикалық қолдау – бұл модель:
0	Алға қойған міндеттердің орындалуы, әріптестік
1	Әсер ету, достастық, әріптестік
0	Үздіксіз шығармашылық ізденіс, әріптестік

0	Өмір сүру, әріптестік, жаңашылдық
0	Көмектесу, әріптестік

Сұрақ №25

	Әлеуметтік педагогтың практикалық іс-әрекетінде тиімді қолданылатын әдістер
0	«Мінезді реттеу» әдісі
1	«Аяқталмаған хат», «Менің әлемім!» әдісі
0	«Жарылыс» әдісі
0	«Таңғаларлық педагогика» әдісі
0	«адамның портреті» әдісі

Сұрақ №26

	Әлеуметтік педагогтың тәрбиеленушілердің өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуды педагогикалық қолдау барысында қолданатын тәсілдері
1	«Жигсо», «Tarsia», «Интервью», «Автор орындығы»
0	«Анкета жүргізу», «Мен саған сыйға тартам»
0	«Шаттық шеңбері», «Мен саған сыйға тартам»
0	«Өзімен жеке қалу», «Мен саған сыйға тартам»
0	«Жүректен жүрекке шеңбері», «Мен саған сыйға тартам»

Сұрақ №27

	Баланың әлеуметтік бейімделуінің мақсаты
1	Қоғамда қабылданған мінез-құлық құндылықтарын, қағидалары мен нормаларын меңгеру, қабылдау арқылы өмірлік қиын жағдайға тап болған баланың әлеуметтік орта жағдайларына белсенді бейімделу үдерісі, сондай-ақ психологиялық және (немесе) рухани нұқсан салдарларын еңсеру үдерісі
0	Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға әлеуметтік қолдау, әлеуметтік тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен материалдық көмек көрсетуді, әлеуметтік оңалтуды, олар еңбекке қабілетті жасқа келгеннен кейін мұндай балалардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету
0	Қоғамның негізгі ұяшығы және оның барлық мүшелерінің әсіресе балалардың өсуі мен аман-саулығы үшін қажетті табиғи орта
0	Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған бала уәкілетті мемлекеттік орган және баланы тәрбиелеуге алуға ниет білдірген тұлға (патронаттық тәрбиелеуші) жасаған шарт бойынша азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбиелеу
0	Қамқорлық, қорғаншылық, ауыстырушы отбасында (патронатта) тәрбиелеу арқылы іске асырылады

Сұрақ №28

	Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмысындағы міндеттері:
0	Әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық проблемаларды диагностикалау және анықтау
0	Отбасы мен бала үшін дағдарыстық жағдайларда делдалдықты жүзеге асыру
0	Спортшылардың спорттық жетістіктері туралы оқу жұмысын ұйымдастыру
1	Отбасылық жағдайды талдау, жаңа оң стратегия мен тактиканы қалыптастыру нәтижесінде отбасылық қарым-қатынастардағы өзгерістер
0	Еңбек жұмысын ұйымдастыру

#### Сұрақ №29

	Девиантты мінез-құлықты балалардың туындауына себеп болатын отбасылар
0	Сау отбасы – бұл бұзылған экономикалық және әлеуметтік-психологиялық үдерістердің ықпалына түспеген отбасы, оның мүшелері толық дене, рухани және әлеуметтік әл-ауқатының жағдайында өмір сүруді
1	Проблемалы отбасы (немесе әлеуметтен тыс отбасы) – бұл мүшесі (мүшелері) мүгедектікке, науқасқа, отбасы ішіндегі жанжалдар мен қатыгез қарым-қатынасқа, жұмыссыздыққа, сондай-ақ олардың өмір тіршілігін бұзатын өзге де мән-жайларға байланысты қиын өмірлік жағдайға тап болған және проблеманы дербес шеше алмайтын отбасы
0	Бейімделген отбасы – бұл отбасы ішіндегі қарым-қатынастары келісушілікпен, өзара түсіністікпен, тұрақтылықпен сипатталатын отбасы.
0	Дағдарысты отбасы – бұл күтпеген жағдайлардың пайда болуы салдарынан (өз күшімен еңсерілмейтін) мемлекет тарапынан жедел әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы.
0	Отбасының басты мақсаты мен темірқазығы – бала тәрбиесі

#### Сұрақ №30

	<u>Әлеуметтік педагогтың функциялары болып табылады</u>
0	<u>Әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру, Бала құқықтарын әлеуметтік-педагогикалық қорғау</u>
0	Оқушы тұлғасын қалыптастыруда отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету, Барлық жастағы балалардың әлеуметтік және жеке мәселелерін анықтау мақсатында әлеуметтік-педагогикалық зерттеулер
1	Аналитикалық-диагностикалық, Болжамдық, Ұйымдастыру-коммуникативтік, Түзетушілік, Әлеуметтік-профилактикалық және оңалту, Үйлестіру және ұйымдастырушылық, Оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау және көмек көрсету
0	Баланың жеке тұлғасын оңтайлы дамыту үшін педагогикалық бағдарланған ортаны құруға жәрдемдесу, Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік-құнды іс-әрекеттерін қолдау (волонтерлік, жобалық қызмет түрінде мүмкін)
0	Ұйымдастыру-әдістемелік қызмет, Әлеуметтік-педагогикалық профилактика, түзету және оңалту

#### Сұрақ №31

	Отбасының тікелей бала тәрбиесімен айналысу деңгейіне қарай 3 топқа бөлінуі
--	---



1	Бала тәрбиесін білетін және онымен айналысатын ата – аналар, тәрбие беруге педагогикалық білімі жетпейтін ата – аналар, бала тәрбиесімен айналысқысы да келмейтін ата - аналар
0	Ата-аналар жиналысына үнемі қатысатын ата-аналар
0	Пән мұғалімдерімен жиі қатыас жасайтын ата-аналар
0	Мектепте өткізілетін тәрбиелік іс-шараларға қатыспайтын ата-аналар
0	Бала тәрбиесі жайлы фактілерді таба білу, зерттеудің негізгі тәсілдерін қолдана отырып, психологиялық ой елегінен өткізу үшін объективті материал жинақтайтын ата-аналар

#### Сұрақ №32

	Отбасына педагогикалық – психологиялық зерттеу жүргізуде топқа бөлінуі
1	Отбасында адамгершілік қарым - қатынас деңгейі жоғары, жағымды моральдық ахуал қалыптасқан
0	Оқушының тұлғалық дамуына педагогикалық тұрғыдан жағдай жасау, оның жеке басының жан-жақты қалыптасуын және күш-жігерінің арттуын қамтамасыз ету
0	Оқушының жеке басының қызығушылығы мен көз-қарасына байланысты тәрбие сағаттарын ұйымдастыру
0	Оқушының отбасының тәрбиелік мүмкіндігін және балаға ықпал ететін факторларды анықтау
0	Әрбір оқушының пән мұғалімдерімен қарым-қатынасын анықтау

#### Сұрақ №33

	Жалпы орта мектептің тәрбие үдерісіндегі азаматтық тәрбиенің мақсаты
1	Тұлға бойында басқа азаматтарға және мемлекетке деген сыйластық пен сенімділік қатынастарын қалыптастыру
0	Адамға өзін заңды, саяси, әлеуметтік тұрғыдан әрекетшіл екенін сезіндіретін тұлғаның азаматтылығын қалыптастыру
0	Қоғам мүддесі үшін еңбек ету қажеттілігін тәрбиелеу
0	Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау оны қорғауға даярлықты тәрбиелеу
0	Жеке тәуелсіздігін және тәртіптілігін қалыптастыру

#### Сұрақ №34

	Әлеуметтік профилактиканың технологиялық процедуралары
0	Көркем фильм жасау, буклеттер шығару және тарату
0	Фантастикалық әңгімелер жазу, әлеуметтік-профилактикалық ақпараты бар плакаттар мен билбордтар орнату
0	Материалдық құндылықтарды беру, әлеуметтік және профилактикалық ақпараты бар плакаттар мен билбордтарды орнату
0	Алдын алу туралы арнайы ақпаратты жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына беру, оның ішінде арнайы бағдарламалар,
1	Әлеуметтік-профилактикалық ақпараты бар плакаттар мен билбордтар орнату, буклеттер, жадынаманы шығару және тарату, телебағдарламалар жасау

#### Сұрақ №35

	Балалар үйіндегі әлеуметтік педагогтың жұмыс түрлері
--	--

1	Баланы әлеуметтік қорғау жөніндегі қызмет, әлеуметтік-педагогикалық диагностика, бала құқықтарын қорғау жөніндегі қызмет, әлеуметтік-педагогикалық насихат
0	Әдістемелік жұмыс, жеке жұмыс, жобалау жұмысы
0	Балалармен кездесу, ата-аналармен кездесу, мұғалімдермен кездесу
0	Балалармен әңгімелесу, ағарту, құжаттаманы ресімдеу
0	Дайындық жұмысы, негізгі жұмыс, қорытынды жұмыс

#### Сұрақ №36

	Әлеуметтік –педагогикалық үдеріс субъектісі-бұл:
0	Педагог
0	Объект
1	Әлеуметтік-педагог
0	Субъект
0	Әлеуметтанушы

#### Сұрақ №37

	Жас ұрпақты экономикалық, саяси, адамгершілік және эстетикалық мақсатқа сай өзіндік іс-әрекетке дайындау:
0	Кәсіби іс-әрекет
1	Педагогикалық іс-әрекет
0	Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет
0	Әлеуметтік-реабилитациялық іс-әрекет
0	Әлеуметтік іс-әрекет

#### Сұрақ №38

	Деадаптация түсінігі:
0	Бейімделу
1	Бейімделмеу
0	бейімделуді қалыптастыру

0	бейімделмеуді жою
0	Үдеріс

Сұрақ №39

	Адамның әлеуметтік дамуының қоғамда қалыптасқан құндылықтар мен қалыптарға сәйкес келмеуі:
1	Әлеуметтік ауытқулар
0	Педагогикалық ауытқулар
0	Психологиялық қалып
0	Педагогикалық қалып
0	Әлеуметтік кемшіліктер

Сұрақ №40

	Әлеуметтік ауытқулардың формалары:
1	асоциалдық және антисоциалдық іс-қимылдар
0	әлеуметтік ауытқулар
0	асоциалдық іс-қимылдар
0	антисоциалдық іс-қимылдар
0	фатикалық

Сұрақ №41

	Адам іс-қимылының қоғамда қалыптасқан қалыпқа сәйкес келмегенімен де, қоғамдық тәртіпті бұзбайды:
0	Әлеуметтік ауытқулар
1	Асоциалдық іс-қимылдар
0	Асоциалдық және антисоциалдық іс-қимылдар
0	Антисоциалдық іс-қимылдар
0	Өзара әрекет

Сұрақ №42

	Адамдардың әлеуметтік және мәдени қалыптарға, әсіресе заңға қайшы іс-қимылы:
0	Асоциалдық және антисоциалдық іс-қимылдар

0	Әлеуметтік ауытқулар
1	Антисоциалдық іс-қимылдар
0	Асоциалдық іс-қимылдар
0	Фанаттық

#### Сұрақ №43

	Әлеуметтік тәрбиедегі жеке қарым-қатынас:
1	Кез-келген тәрбиеленушіні ең маңызды тұлға ретінде санау
0	Тәрбиеленушілермен бірлескен іс-әрекетте іске асады
0	Топтардың жасын ескеріп іске асыру
0	Тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктерін ескере жүзеге асыру
0	Бүкіл ұжыммен бірлесе іс-әрекет арқылы іске асыру

#### Сұрақ №44

	Адамның әлеуметтік-педагогикалық мінездемесін анықтаудың теориясы мен тәжірибесі:
1	Әлеуметтік-педагогикалық диагностика
0	Әлеуметтік-психологиялық диагностика
0	Әлеуметтік диагностика
0	Жеке тұлға диагностикасы
0	Психологиялық-педагогикалық диагностикасы

#### Сұрақ №45

	Қайта тәрбиелеу процесінің түсінігі:
0	Тұлғаның бұйрықтылығымен сананың жеткілікті өзгеруі
1	Тұлғаның жағымсыз қасиеттерін жойып, жағымды қасиеттерін жетілдіруі
0	Тәрбие мен өмірдің өзгеріп, жағдайларына тұлғаның жаңадан бейімделуі
0	Танымдық іс-әрекет
0	Тұлғаның жақсы қасиеті

Сұрақ №46

	Виктемология - БҰЛ
0	Әлеуметтік педагогика пәнінің құрамдас бөлігі
1	Адамдардың өз-өзіне қастандық жасау, қол жұмсау мәселесін қарастыратын әлеуметтік педагогика саласы
0	Жалпы барлық ғылымға ортақ әдістер туралы ұғым
0	Қарым-қатынас туындысындағы мәселелерді салыстырып зерттеу
0	Қоғамдық, мемлекеттік және жеке ұйымдастыру мүмкіншіліктерін күшейту жолдары мен әдістерін зерттеу

Сұрақ №47

	Әлеуметтік ауытқулар:
0	Бұл адам іс-қимылының қоғамда қалыптасқан қалыпқа сәйкес келгенімен де, қоғамдық тәртіпті бұзбайды
0	Қоғамда қалыптасқан адамгершілік мақсаттар мен құралдарға жағымды қатынас орнату
0	Бұл адамның әлеуметтік және мәдени қалыптарға, әсіресе заңға қайшы іс-қимылы
1	Бұл адамның әлеуметтік дамуының қоғамда қалыптасқан құндылықтар мен қалыптарға сәйкес келмеуі
0	Адамның сыртқы келбетінің тәртіп бұзушылыққа бейімділігі

Сұрақ №48

	Ерекше осал отбасы – бұл
0	Қарым-қатынастары келісушілікпен, өзара түсіністікпен, тұрақтылықпен сипатталатын отбасы
0	Заңға қайшы бірлескен әрекетке туысқандарды тартумен қылмысты топ болып жасалатын және олардың қылмыстық мінез-құлқын мақсатты түрде тудыратын отбасы
1	Кәмелетке толмағандардың ата-анасы не заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, асырау бойынша өздерінің міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы
0	Отбасыдан тыс жерлерде қылмыстардың белгілі бір түрінің жасалуына мүмкіндік туғыза алады

0	Күтпеген жағдайлардың пайда болуы салдарынан (өз күшімен еңсерілмейтін) мемлекет тарапынан жедел әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы.
---	--

#### Сұрақ №49

	Бала құқығын қорғау - бұл
0	Оқушылардың психикалық және физикалық денсаулықтарын қолдау, тұлғаны дамыту және психологиялық-жағымды ортаны дамытуға көмек беру
0	Балаларды зорлықпен қанауды, соның ішінде оларды саудалау және жыныстық қанауды
0	Бала асырап алу биологиялық ата-анасының келісімі, не ата-ана құқығынан айыру туралы сот шешімінің негізінде жүзеге асады
0	Жапы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде жағымсыз деректердің алдын алу
1	Бала құқықтарын қорғау, ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларға, заң жүзінде қақтығысушы балаларға, қарулы қақтығысқа ұшырыған балаларға, Балалар саудасын, бала еңбегін, денсаулыққа зиян келтіретін ғұрыптардың алдын алу, отбасылық қорлық-зомбылық

#### Сұрақ №50

	Мектеп пен отбасы әрекеттестігінің негізгі бағыттары
1	Ата-аналармен баланың үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі жеке дара жұмыстарын жүргізу
0	Ата-аналар жиналыстары мен конференциялар
0	Саяхаттарға, театрға, көрмелерге бару
0	Қамқорлық кеңестерімен жұмыс
0	Отбасы тәрбиесінің тәжірибесін талдап қорыту, тарату

## 9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Байланыс құралдары ретінде электронды почта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және сервистер (Zoom, facebook, Whatsap.) қолданылады.

Педагогтардың кәсіби өсуіне бағыт-бағдар көрсете отырып, тыңдаушылардың қажеттіліктеріне қарай әдістемелік қолдау көрсетеді. Сабақтарды бақылау барысында басты назар әлеуметтік педагогтың теориялық білімдерін практикада қолдану дағдыларына, оқушылардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік дағдыны қалыптастыру қажеттіліктерін қанағаттандыра алуына назар аударылды. Кері байланыс аясында, тыңдаушылар қажетті әдістемелік көмектерін алады.

Курстан кейінгі қолдау ретінде тренингтерден басқа аудандық, облыстық деңгейде семинарлар, дөңгелек үстел, вебинарлар, шеберлік сыныптар және байқаулар өткізіледі.

1. <http://egov.kz>
2. <http://www.pki.gov.kz>
3. <https://kundelik.kz/>
4. <http://orleu-edu.kz>
5. <http://www.orleu-almobl.kz>
6. <http://bilimland.kz>
7. [www.smk.edu.kz](http://www.smk.edu.kz)
8. <https://twig-bilim.kz>
9. <http://www.cpm.kz/>
10. <http://www.eurekanet.ru> - «Эврика» оқу сайт
11. [www.bookz.ru](http://www.bookz.ru)- электронды кітаптар, журналдар, сөздіктер)
12. <http://www.eolss.net> - EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems)
13. <http://www.encyclopedia.ru/> - Энциклопедия
14. <http://school.eb.co.uk> - Britannica School),
15. <http://play.nis.edu.kz>

## Жоба тақырыптары

1. «Неліктен мен әлеуметтік педагог мамандығын таңдадым» (эссе-ой толғау, жанрлық очерк, әңгіме, сұхбат, газет, журнал, т.б. түрінде) шығармашылық жұмысты орындау.
2. Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтың қызметі
3. Әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың жіктелуі
4. Отбасымен әлеуметтік жұмыс технологиясы
5. Тұрғылықты жері бойынша отбасыларды әлеуметтік қолдау (аудандық әлеуметтік қызмет).
6. "Сенім телефоны" бойынша қашықтықтан әлеуметтік-психологиялық кеңес беру
7. Әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмыс істеу формалары
8. Шағын аудандағы аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында қайырымдылық акциясын өткізу жобасын әзірлеу
9. "Қауіп тобындағы" балалардың диагностикасы
10. «Тәуекел тобындағы» балалармен профилактикалық жұмыс
11. Девиантты мінез-құлықты бар балалармен жұмыс
12. Девиантты мінез-құлықты балалармен түзету жұмыстары
13. Педагогикалық қараусыз қалған жеткіншектермен әлеуметтік жұмыс
14. Әлеуметтік педагогтың үлгерімі төмен оқушылармен жұмысы

15. Гиперактивті мінез-құлықты баламен әлеуметтік жұмыс түрлері
16. Гиперактивті мінез-құлықты баламен жұмыс жасаудағы әдістер мен технологиялар
17. Әлеуметтік педагогтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы
18. Мүмкіндігі шектеулі балалармен оңалту жұмыстары
19. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы әлеуметтік-мәдени оңалту технологиялары
20. Балалар үйінің тәрбиеленушілерімен жұмыс жасау технологиялар
21. Балалар үйінің тәрбиеленушілерімен жүргізілетін терапиялық технологиялар
22. Баланың адамгершілік дамуын белсендіру әдістері
23. Девиантты мінез-құлықты түзету әдістері
24. Тәуелді мінез-құлықтың алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық технологиясы
25. Жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу
26. Суицидтік мінез-құлық бар балалармен жұмыс жасаудағы арт-терапия